

Қазыналы өңірдегі қазақ басылымдарының қара шаңырағы - «Орталық Қазақстан» газетінің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында редакциядағы әріптестерім жаппай естелік жазуға ден қойды.

Жалпы, көсемсөз өнеріндегі естелік жанры - оқырманы көп қастерлі дүние. Алайда, естелік жазуда өзіңді ыңғайсыз сезінетін бір жағдай бар. Таразының бір басында өзің тұрасың. Кейіпкеріңнің болмысын ашуда өзіңді қатыстыра отырып толғанатын тұстар болмаса, естелігің түкке тұрмай қалуы ықтимал. Осы орайда сағым күндердің сағынышын саралаған естелігің кейбір оқырманға кейіпкеріңді емес, өзіңді дәріптеу секілді көрінуі әбден мүмкін. Өткеннің өрнекті сәттерін әсерлі етіп жазып шығу - өз алдына, ал, әр естеліктің ақиқаттан алшақ кетпейтін баяны - кешегі мен бүгінгі байланыстырып, игілікті иірімдерді ертеңге аманаттаудың теңдесі жоқ дәнекері. Сондықтан да, мерейтой қарсаңында «Орталықтың» кешегісін кемел түрде хатқа түсіріп, өмірден өткен оғыландары жайында шуақты дүниелер топтамасын кітап етіп шығару жөніндегі Бас редакторымыз Мағауия Сембай мырзаның бастамасын ез басым бірден құп көрдім. Бұл - сөз жоқ, салмағы зор, сауапты іс.

Менің де қаламыма жел бітті. Алайда, 80 жылдық тарихы бар ордалы «Орталыққа» қызметке келгеніме жыл айналмаған мен не жаза қоямын?! Он ойланып, мың толғандым. Естелік жазу - ойдан құрастырып, жоқтан бар жасау емес. Біздің кәсіби дағдымыздағы «бармақ сору» амалына да алдырмайды-ау. Осылайша әрісәрі күй кешіп жүргенімде, естелік кітаптың жауапты шығарушысы Аман Жанғожин ағай тығырықтан шығар жол тапты. Ұсынысы ұтқыр шықты.

- «Орталықта» Жезқазған аймағынан көптеген жігіттер қызмет еткен. Кітапта солар туралы аз қамтылатын түрі бар. Солардың ішінен етене жақын білетіндерің болса, көсіліп көр, - демесі бар ма. Ойыма бірден Сайлаухан ағам орала кетті. Жазуға әбден тұрарлық тұлға.

Сайлаухан Нәкенов «Орталық Қазақстанда» 1962-1973 жылдары қызмет етіпті. Басылымның Жаңаарқа ауданы, Қаражал қаласы бойынша меншікті тілшісі болған, аппаратта да істеген. 1973 жылы Жезқазған облысы құрылғанда облыстық «Жезқазған



туы» газетіне қызметке шақырылды да, зейнеткерлікке шыққанға дейін аталған басылымда жемісті еңбек етті. Болмысы - жұмбақ, қаламы - батыл еді Сайлаухан ағамның.

Мен Сайлаухан ағаның атына бала кезімнен қанық болғаныммен, жақын таныстығым өткен ғасырдың 90-шы жылдарында басталды. Айтысқа қатысып жүрген кезім. Сәкең үнемі қазылар алқасының құрамында болады. Үзіліс кезінде өзі іздеп тауып алатын да:

- Сенен бірдеңе шығады. Көп оқу керек. Сен - осылардың бәрінен мықтысың, - дейтін де, сырт айналып кете баратын. Ағамның жұмбақ болмысы осында жатыр. Мен - небары он алтыдағы баламын. Ненің байыбына барып, не түсінемін?! Қарсыластарымнан қай жағынан мықтымын? Неге көп оқы деді? Қай жерде білімімнің таяздығын байқатып қалдым? Ақыл айтса, бағыт берсе, неге ұғымыма сыйдырып айтпайды? Осындай мазмұндағы сұрақтардың жетегінде дал боламын да қоямын.

Сайлаухан ағаның жұмбақтау жаратылған боямасыз болмысын таныған соң ғана түсіндім әлгі сөздердің мәнісін. Иә, өз басым Сайлаухан ағаның шапағатын көп көрдім. Студент кезімізде жазған шимай-

шатпағымызды арқалап газет жағалаймыз. Менің өзім құралпы қыз-жігіттерге қарағанда мүмкіндігім зор болды. Бірден бас редактордың орынбасары - Сайлаухан ағам барамын. Қолжазбамның бағасын да, өзімнің «сыбағамды» да бірден береді. Жасыратыны жоқ, бір әкенің жалғыз болғандықтан, еркелігім басымдау еді.

ңіне қатты алаңдайтын. Негізі, Сәкең марқұм қатты уайымшыл еді. Түймедей дүниеден түйедей қауіп күтіп, кез келген құбылыстың астарынан өзінше болжам жасауға қатты әуес болды. Сары уайымға салынған сәттерінде басын шайқап, тамсанатыны бар. Алайда, Сайлаухан ағам күйбең тірліктің күйін уайымдап, күйі қашатындардың қатарынан емес. Көбіне

САЙЛАУХАН МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕГІМІН

Қолжазбамның қол-аяғын жерге тигізбей мақтап, бірден терімге береді де, арнайы тәрбие сағатын бастайды. Сондағы әңгімесі: - Саған үйлену керек, - деген қатаң талаппен түйінделеді. Басым салбырап мен шығамын кабинеттен. Тура сол кезде ағамды көрместей болып кетемін. Кейін ғана түсіндім ғой, марқұмның мені өзіне жақын тартып, жанашырлық танытып жүргенін.

Үнемі «Орталық Қазақстанда» қызмет еткен жылдарын сағына еске алып, әсерлі әңгімелеп отырушы еді.

- «Орталық Қазақстан» - тамырын терең тартқан, тарихы тым әрідегі басылым ғой. Онда қазақ әдебиетінің сұңғыла сөз зергерлері -Ғабиден Мұстафин, Сәттөр Ерубәев, Әлжаппар Әбішевтер қызмет еткен. Мен қызмет еткен тұста да кіл мықтылар болды. Осындай мектепте шыңдалған менің осал болуға қақым жоқ. Қазіргі сарбаздары да - сайдың тасындай, қаламы төселген жорғалар. Шіркін, сендерді сондай ортаға жіберіп, бір ширықтырып алар ма еді. Тіпті, тәжірибе алмасу үшін бірер күнге жіберуге газеттің қазіргі жағдайы көтермейді. Мына түрімен кете берсе, қазақ журналистикасы орға жығылатын шығар, - деп, біздің болашағымыз бен журналистиканың ерте-

жастардың, қазақ поэзиясы мен журналистикасына қадам басқан жас буынның болашағы үшін күйіп-пісетін. Шынымен де, біз ұлттық руханиятқа ұрандап келген 90-шы жылдар «балапан - басына, тұрымтай - тұсына» болған берекесіз мезгіл болды. Талантыңмен тас жарып тұрсаң да, селт етпейтін қоғамға тап келген тағдырымызға өзіміз де елең ете қоймайтынбыз. Өйткені, біздің буынның сыбағасы қара өлеңде немесе көсемсөзде емес, «қара базарда» болатын.

Сайлаухан аға ақынға тән төкаппар болмыста ғұмыр кешті. Дүниеге, атақ-даңққа қызыққан жоқ. Боямасыз болмыста, қорықпай тұрмыс кеше жүріп, артына өлмес мұра қалдырды.

Ол - ақын.

Арқаның ақ самалындай жырларынан адами қасиет, азаматтық үн есіп тұрды. «Құдіретті қолдар», «Жұмақтың жолы» атты жыр жинақтары өлең өлкесінде, әдеби ортада лайықты бағасын алды. Ол өлеңді өзінің шығармашылық қуатын таныту үшін емес, «ақын» деген қастерлі атты иемденіп, даңққа бөлену үшін емес, ұлт үшін, ұрпақ үшін жазды. Өзі өмірден өткеннен кейін жары - Мәкіжан апайдың жинақтауымен,

шәкірттерінің ұйытқы болуымен жарық көрген «Бозторғайы жанымның» атты жарияланбаған өлеңдерінің топтамасы да қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған қомақты олжа болды.

Ол - ұстаз.

Жезқазған, Жаңаарқа өңірінде әдебиетке, журналистикаға өткен ғасырдың 80-90 жылдары келіп қосылғандардың дені Сайлаухан ағаны ұстаз санайды. Олардың алды республикаға танымал болып үлгерді. Алаштың айтулы ақыны Ғалым Жайлыбай, белгілі ғалым, ақын-драматург Кенжебай Ахметов, сатира саласының сарбаздары сапында қазақ жұртының ішек-шілесін қатырып жүрген белгілі қаламгер, Жезқазған қалалық «Дидар» телеарнасының директоры Базарбай Әлеуханұлы, тағы басқа да әдебиеттің әйдіктері мен журналистиканың жорғалары - «Сайлауханның шекпенінен шыққандар». Сайлаухан аға жас буынды газетке автор ретінде тартып қанаттандырды. Жайсаң ағаның редакция қоржынына жас ақындардың жақсы өлеңі түсе қалса, «ат басындай алтын тауып» олжаға кенелгендей қуанғанына өз басым талай мәрте куә болдым.

...Бірде, Жезқазған қалалық «Сарыарқа» газетінің редакциясында өткен жиында сөз сөйлеп тұрып, газеттің редакторы Төлеш Асановқа:

- Төлеш, айналайын, мына Ерсінен өз басым үлкен үміт күтемін. Осы Ерсі сияқты үш жігітпен мықты газет шығаруға болады. Осыдан айрылма, - деп еді, жарықтық. Менің бойымдағы болмашы ұшқынды аңғарып бағалағаны болар, сұңғыла ағамның.

Үмітіңізді ақтауға талпынып, тер төгіп жүрмін, аға. «Сарыарқадан» кетсем де, талантымды танитын, бағамды білетін жақсы ағалардың ортасына түстім. Ол - өзіңіз тамсана әңгімелейтін «Орталық Қазақстаныңыз» Тек Сізге деген сағыныш пен тірлігіңізде мақтауға, өлгенде жоқтауға жарамаған жарамсақтардың ат оздырып жүргені жүйкеме жүк артып, жүрек сыздатады.

**Ерсін МҰСАБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, журналистердің Жезқазған аймақтық байқауының Сайлаухан Нәкенов атындағы сыйлығының иегері.**

СУРЕТТЕ: Сайлаухан НӘКЕНОВ